

формированию у студентов осознанной саморегуляции своей учебно-профессиональной деятельности на основе единения двух её составляющих: личностной и инструментальной.

Литература:

1. Захарова, А.Н. К проблеме мониторинга лично ориентированного социально-профессионального воспитания студентов в вузе / А.Н. Захарова, И.И. Хасанова // Личностно ориентированное профессиональное образование: Материалы II регион. науч.-практ. конф. – Екатеринбург, 2002. – С. 143-147.
2. Коджаспирова Г.М.. Педагогический словарь/Г.М. Коджаспирова, А.Ю. Коджаспиров. – М.: Издательский центр «Академия», 2001. – 176 с.
3. Лежнева, Н.В. Мониторинг становления специалиста в условиях филиала вуза / Н.В. Лежнева, Пищулина Т.В. – Челябинск: Фрегат, 2009. – 250 с.
4. Матрос Д. Ш., Полев Д. М., Мельникова Н. Н. Управление качеством образования на основе новых информационных технологий и образовательного мониторинга / Д.Ш. Матрос, Д.М. Полев, Н.Н. Мельникова. – М, 2001. – 168 с.
5. Основы педагогических технологий (Краткий толковый словарь) / Под ред. А. С. Белкина. – Екатеринбург, 1995. – 22 с.
6. Петрова, Л.И. Методическое обеспечение Болонского процесса в вузе (педагогический аспект) / Л.И. Петрова, Л.Н. Кутергина. – Ростов н/Д : Феникс, 2008. – 649 с.
7. Пищулина, Т.В. Мониторинг становления специалиста как фактор гуманизации образовательной системы университета: Дис. ... канд. пед. наук / Т.В. Пищулина. – Челябинск, 2004. – 181 с.
8. Силина, С.Н. Профессиографический мониторинг в педагогических вузах / С.Н. Силина // Педагогика. – 2001. – № 7. – С. 47-53.

Abstract

The paper considers the monitoring of a humanistic orientation, which will ensure the removal or easing the difficulties of entering the student credit system in education.

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ТҰЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Беркенова Г.С., Молдахметова Г.М.

Қазақстан, А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ

Елімізде жүріп жатқан терең экономикалық және әлеуметтік-мәдени өзгерістер білім беру қызметіне жаңаша қарауды, кәсіби қызметтің барлық сферасында мамандарды даярлау іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді. Жоғары оқу орнының түлегі жоғары деңгейде дамыған, коммуникативті ептіліктерді меңгерген, өзгермелі ортаға бейім, алғыр, бәсекеге қабілетті тұлға болуы тиіс. Сондықтан, жоғары мектепте барлық жаңалықтар мен өзгерістерге батыл жол ашарлық инновациялық білім беру технологияларын, интерактивті оқытуды, оқу іс-әрекетінің жаңа әдістері мен тәсілдерін белсенділікпен қолдану – маңызды мәселелердің бірі.

Жоғары оқу орынында оқу барысында болашақ маман ретіндегі студентті еңбек нарығының сұраныстарына сай қалыптастыру оқу үрдісін қазіргі білім беру талаптарына сәйкес жоспарлы және мақсатты ұйымдастырумен тығыз байланысты. Ол үшін оқыту үрдісіне жаңа және бұрын қолданылған озық тәсілдер мен бағыттарды жетілдіре енгізу қажет. Олардың ішінде оқытудың инновациялық технологиясы айрықша орын алады. Тәжірибе көрсеткендей, оқу үрдісіне технологияларды белсенді енгізу білім беруде дағдарыстарды жеңуге мол мүмкіндік береді, әрі білім беру мазмұны мен әдістерінің қоғамның және тұлғаның өзгермелі талаптарына сай болуын қамтамасыз етеді. Олар оқытуды ұғынылған мақсат жемісі ретінде сипаттайды және оны инновациялық оқыту ретінде танып, дәстүрлі оқытуға қарағанда білімді игерудің айрықша түрі деп бағалайды.

Студенттер мен магистранттарды оқытуда инновациялық технологияны қолдану тәжірибеміз оқу сабақтары барысында студенттер (магистранттар) мен оқытушылар, сондай-ақ білім алушылар арасында анағұрлым продуктивті және конструктивті қарым-қатынастың орнағанын, олардың өз бетінше ізденіп, шығармашылық қабілеттіктерін көрсеткендігін ерекше атап өтуге болады. Оқу сабақтарын талдай келе, оқыту технологиялары әрқашан оқушылардың танымдық, әлеуметтік белсенділіктерін оятып, олардың оқу мотивациясының артуына, білім құндылығына сенуіне игі ықпалын тигізеді деп есептейміз.

Қазақстан жоғары оқу орындарында оқытудың басты формасы өзіндік жұмыс болып табылатын кредиттік жүйе енгізілгендіктен, инновациялық технологияны қолдану педагогтың білім деңгейі әртүрлі студенттер тобымен түрлі өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру мүмкіндіктерін арттырады. Осылайша ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті тапсырмалардың қол жетімді болуын қамтамасыз етеді және әрбір студентпен тіл табысуға, кеңес беруге, өзін-өзі бақылауға мүмкіншілік береді. Бұл тұрғыда педагог студенттердің ұжымдық, топтық және жеке өзіндік жұмыстарын шебер ұйымдастыру қызметін атқарады.

Инновациялық технологияны ұйымдастыру оқытуға интерактивті сипат береді, ол оқыту субъектілерінің өзара әрекеттесуін ұйымдастырумен, яғни білім, құндылық және идеялармен ғана емес, әрекеттермен де өзара алмасуды қамтамасыз ететіндігімен нәтижеленеді. Ол оқытудың әртүрлі технологияларын қолдану кезінде түрткілендіретін әрекеттер бар жерде (мысалы, студент ақпараттарды қабылдауға дайын болғанда; барлық танымдық үрдістер белсендірілгенде; білім тиімді меңгерілу үшін сабақ қарқынын студенттің күнтәртібіне қолайлы етіп құрғанда) байқалады. Бұл жерде оқытушы мен оқушылардың өзара әрекетінің қалай орнатылатындығы, белсенді әдістердің қалай қолданылатындығы, әдістемелік материалдардың қандай шамада жасалатындығы және оларды жеткізу тәсілдері, оқыту үрдісінде кері байланыстың қаншалықты тиімді болатындығы жайлы мәселелер маңызды болып саналады. Аталмыш мәселелердің нәтижелі шешімін табу студенттің өз бетімен білім алуына, өзінің оқу барысын дербес басқарып отыруына мүмкіндік береді. Инновациялық технологияны қолдану оқытушының қарқынды еңбек етуіне және студенттердің өзіндік іс-әрекетіне анағұрлым жоғары талаптар қоюы мүмкін, десек те инновациялық оқытудың басымдылығы ерекше.

Бұл мәселені зерттеу оқыту үрдісіне басымдық технологияларды қолдану көмегімен оқу сабақтары кешенін («Ынтымақтастықта оқыту», «Жобалар әдісі», «Сын тұрғысында ойлау технологиясы» және т.б.) жасап, енгізуге түрткі болды.

Оқытудың аталмыш технологиясы төңірегінде жұмыс жасау барысында студенттерге оқу материалын бекітетін әрі жаңаны меңгертетін тапсырмалар ұсынылды. Сонымен қатар, оқыту студенттердің танымдық қызығушылықтарының артуына, сын тұрғысында ойлауының дамуына мүмкіндік беретін, рефлексивті позициясының қалыптасуына жетелейтін проблемалық және ойын жағдаяттары негізінде жүзеге асырылды. Оқу сабақтарына жүргізілген талдау оқу іс-әрекетінде маңызды өзгерістердің орын алғандығын көрсетті. Ең бастысы, оқуда ынтымақтасуға және өзара оқуға қызығушылық артты, орындалған тапсырмалар шығармашылық тәсілмен, сын тұрғысында бағалаумен ерекшеленді. Студенттер өздерінің шағын жобаларын ризашылықпен жасап, қорғай білді, бір-бірін бақылауды және бір-бірін бағалауды көздейтін топтық жұмыс жасауды үйренді. Осының нәтижесінде, сапалы білім алуға бағыттылық нығая түсті, білім басты құндылыққа айналды. Студенттердің оқу іс-әрекетін, әрекеттерін, ой-пікірлерін одан әрі байқау олардың оқу және танымдық тапсырмаларды өз бетінше шешуге, ізденуге, дәлелдеуге дайын екендігін айрықша атап өтуге мүмкіндік берді. Олардың жоғары білім алуға талаптануы, кәсіби жағынан өсуге бет бұруы құндылық бағдарды, табысқа жету мотивациясын бейнелейді. Бұл құндылықтар мен мотивтер жүйесі олардың жеке басының дамып, қалыптасуы үшін аса маңызды және олардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

Оқыту технологиясын қолдану оқу үрдісін белсендіруді ғана емес, сонымен қатар болашақ мамандардың жемісті кәсіби қызметке даярлығын бейнелейтін кәсіби маңызды қасиеттер кешенінің қалыптасуын қамтамасыз етті.

Даярлықтың негізгі белгілері ретінде мыналарды санауға болады:

- болашақ маман қызметінің айқын кәсіби бағыттылығы, соның ішінде іс-әрекеттің барлық сферасында инновациялық үрдістердің маңыздылығын түсіну;
- оқытудың жаңа идеяларын, бағыттарын меңгеруге ұмтылу;
- кәсіби ептіліктердің қалыптасуы;
- өзін-өзі одан әрі жетілдіруге қажетті рефлексивтік ұстанымның дамуы.

Оқытудың әртүрлі жағдайларында «Ынтымақтастықта оқыту» технологиясын қолдану бойынша жүргізілген зерттеулеріміз аталған технологияның ақпаратты мазмұндау және жеткізу кезінде, деректерді бекітуде, оқылған материалды ұғындыруда және құндылық бағдарды қалыптастыруда аса тиімділігін көрсетті. Материалды терең және сапалы меңгерту факторлары ішінен біз мыналарды бөліп, көрсетер едік:

- шағын топтың әрбір қатысушысын басқа қатысушыларда бар деректермен таныстыру (ақпаратпен алмасу);
- бір зат немесе құбылысқа қатысты әртүрлі пікірлерді мадақтау;
- оқылған материал туралы әр түрлі пікірлер мен жорамалдардың қатар болуы);
- айтылған пікірлердің кез келгенін сынау және теріске шығару мүмкіндігі;
- қатысушыларды топтық келісім іздеуге итермелеу.

Оқытудың инновациялық технологиясын қолдану көмегімен оқу сабақтарын ұйымдастыру тәжірибесі дидактикалық қызметтердің мынадай екі міндетпен байланысатындығын көрсетеді:

- нақты-мазмұнды жоспардағы міндеттер;
- өзара әрекеттесуді топта, шағын топта ұйымдастыру міндеттері.

Бірінші міндеттер сферасына мыналар жатады:

- студенттердің оқу тапсырмаларын, мәселелерін шешумен байланысты қарама-қайшылықтарды, қиындықтарды ұғынуы;
- бұрын алынған білімдердің жандануы;
- оларды қолдану мүмкіндіктеріне шығармашылық мағына беру, оларды жаңа контекстіге қосу т.б.

Екінші міндеттер сферасына топта рөлдерді бөлу; ұжымдық тапсырмаларды орындау; мәселені талқылаудағы келісімдік, ортақ, топтық тәсілді жасау; арнайы қабылданған ережелерді және бірлесіп іздену іс-әрекеті процедураларын сақтау жатады.

Нақты-мазмұнды іс-әрекет пен топта өзара әрекеттесу іс-әрекеті «түйіскен жерде» алынатын нәтижелер педагогикалық жағынан маңызды болып саналады:

- дәлелді баяндау үшін ақпарат, деректерді өңдеу;
- өз көзқарасын позиция, айғақ ретінде көрсету;
- оқу тапсырмаларын шешуде тәсілдерді таңдау және таразылау;
- таңдалған тәсілді немесе көзқарасты ұғынылған таңдау ретінде қолдану.

Аталған нәтижелер шағын топта ұйымдастырылатын жұмыстар тәсілінен, бірлесіп, бөлісе орындайтын оқу іс-әрекеті контекстінен шығады. Біздің зерттеуімізде аталмыш технологияны жүзеге асыруда шағын топта бірлескен оқу іс-әрекетінің көшбасшылық қасиеттердің қалыптасуына (негізгі деректерді анықтау және нақтылау, бірлескен іс-әрекет барысы жайында ұсыныстар жасау, жаңа идеялар, пікірлер айту т.б.) мүмкіндік беретіндігі анықталды. Сонымен қатар, жекелеген ой-пікірлер мен әрекеттер шағын топтың басқа да қатысушыларын түрткілендіреді және әрқайсысының талқылауға қатысуын қолдап, қолайлы атмосфера жасайды. Бұл барлық қатысушылардың бір-біріне құрметпен қарауына, жұмыс жасау атмосферасына, бірлескен іс-әрекет жасауға мол мүмкіндік береді.

Тұлғаның дамуы үшін жобалар әдісі айрықша жағдай жасайды. Өзекті мәселені шешу ұжымдық жұмысты ғана көздеп қоймай, мәселенің себептерін анықтауды, оны әртүрлі позицияда қарастыруды, едәуір тиімді шешімді іздестіруді талап етеді. Жобаны қорғауда түсіндіруші тәсілдер қолданылады. Оларға қолданылатын ұғымдарды нақтылау, фактілі құбылыстардың түпнегізін көрсету т.б. жатады. Бұл жерде проблемалық мәселені шешу дидактикалық мақсатты көздемейді, ол оқушылардың ойлауының дамуымен және коммуникативті ептіліктерімен байланысты. Аталмыш әдіс ең алдымен, шығармашылық идеяны ұсынуға бағдарланған. Оның маңызды ерекшелігі: жеке жұмыстың дәйекті болуы (идеяларды ұсыну), шағын топтарда жұмыс жасау, жалпы талқылауға салу. Нәтижесінде әрбір студенттің ұсынған идеясы тікелей немесе өзгертілген түрде шағын топта талқыланады, содан соң жалпы идея ұсынылады. Сондықтан, жобалар әдісі оқытудың проблемалық мазмұнды бағытын қамтиды және әрбір қатысушының танудың белсенді үрдісіне қатысуын қамтамасыз етеді.

Оқытудың ойын технологияларының мүмкіндіктері аса зор. Бұл технология болашақ кәсіби қызметтің алуан түрлі құбылыстарын сезінуге жағдай тудырады. Олар: рөлдерді ойнау, оқып-зерттелген деректерді жандандыру және ауызша айту, өзінің көзқарасын білдіру, ойын үстінде қатысушы-серіктестермен білімдермен алмасу. Оған ойынға қатысушылардың әрекеттерін талдау, сын тұрғысында бағалау, ақпаратты іріктеу, индуктивті және дедуктивті ой-қорытынды құру, бар деректерді біріктіру, фактілі және бағалаушы қорытынды, сонымен қатар кәсіби міндеттерді шешу бойынша қалыптасқан білімдер мен ептіліктерді бейнелейтін бірлескен шығармашылық оқу іс-әрекетінің нәтижесі ретіндегі іскерлік немесе сюжетті-рөлдік ойындар жатады.

Жоғарыда айтылғандар оқытудың инновациялық технологиясының студенттерге білім алып қана қоймай, өз оқуының барысын дербес басқарып, қадағалап отыруына мүмкіндік беретіндігін айғақтайды.

Оқыту технологиясы болашақ мамандардың мінез-құлқы мен іс-әрекетін басқаруда, олардың жеке тұлға ретінде дамып, қалыптасуында, келешекте әлеуметтік белсенділігін көрсетіп, өз потенциалын жүзеге асыруында маңызды рөл атқарады. Жүргізілген зерттеулеріміз оқытудың инновациялық технологиясының студенттердің әлеуметтік белсенділігін оятып, оқу мотивациясын арттыратындығын және арнайы кәсіби маңызды қасиеттердің қарқынды дамуына мүмкіндік жасап, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыратындығын көрсетті.

Әдебиеттер:

1. Темпл Ч. Стратегии для использования в любых предметных областях – Алматы: Фонд «21век». – 2001.
2. Д.Дьюи. Демократия и образование. – М.: Педагогика-пресс. – 2000., 340с.

Summary

The article reveals the problem of introduction of the interactive learning in the university system of education is regarded. Its urgency is defined by the demands of the modern education.

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОЦИАЛИЗАЦИИ СТУДЕНТОВ В УСЛОВИЯХ ИНТЕГРАЦИИ ВУЗА И РАБОТОДАТЕЛЯ

Олейникова Т.Н., Крюков С.Н.

Казахстан, Костанайский государственный педагогический институт

В изменившихся социально-экономических, политических, культурных условиях жизни страны особую остроту приобретают вопросы социализации молодежи. Радикально изменились содержание и способы разрешения традиционных студенческих проблем, которые в новых условиях должны рассматриваться так же и с позиции перспектив развития и укрепления взаимодействия вузов и работодателя.